



**Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрлігі мәдениет департаментінің мәселелері**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 30 шілде N 1189. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1998.06.09. N 525 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қоса беріліп отырған:

Қазақстан Республикасы Білім және мәдениет министрлігінің Мәдениет департаменті туралы ереже;

Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрлігінің мәдениет департаментіне ведомстволық бағыныстағы мекемелердің, кәсіпорындардың және ұйымдардың тізбесі бекітілсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1997 жылғы 30 шілдедегі  
N 1189 қаулысымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасы Білім және мәдениет  
министрлігінің - Мәдениет департаменті  
(білім және мәдениет министрінің Мәдениет департаменті)  
туралы  
ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Білім және мәдениет министрлігінің Мәдениет

департаменті (бұдан әрі - Департамент) мәдениет саласында мемлекеттік басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады.

2. Департамент өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің нормативтік құқықтық актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Департамент заңды тұлға болып табылады, банктерде шоттары, оқшауланған мүлкі және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген, өзінің атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі болады.

4. Департаменттің аппаратын ұстауға арналған шығыстарды қаржыландыру республикалық бюджетте Қазақстан Республикасы Білім және мәдениет министрлігін ұстауға арналып көзделген қаражаттың есебінен жүзеге асырылады. Департаменттің құрылымы мен штаттық санын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

## II. Департаменттің міндеттері мен функциялары

### 5. Департаменттің негізгі міндеттері:

қазақтың ұлттық мәдениет, Қазақстан Республикасы халықтарының мәдениетін дамытудың ағымдағы және перспективалық бағдарламаларын, негізгі бағыттарын әзірлеу;

мәдениет саласында негізгі әлеуметтік-экономикалық бағыттарды дайындау, саланы реформалауды жүзеге асыру;

барлық мемлекеттік және қоғамдық құрылымдардың қызметін мәдени өмірдің барлық салаларында Қазақстан Республикасының егемендігі мен тәуелсіздігі идеясын жүргізу үшін бағыттау және үйлестіру, мемлекеттік тілді кеңейту және пайдалану, Қазақстан халықтарының ұлттық өзіндік болмысын сақтау, репертуарлық саясатты қалыптастыру;

саланың ақпараттық-құқықтық жұмысын құқықтық қамтамасыз етуді және ұйымдастыруды жетілдіру;

кино-бейнефильмдер шығару үшін ұйымдастырушылық, өндірістік және экономикалық жағдайлар жасау, оларды Қазақстан Республикасының аумағына және шетелдерге тарату, кино-бейнетуындыларының жоғары кәсіби және көркемдік деңгейін қамтамасыз ету;

кітапханалар жинақтайтын және пайдалануға ұсынатын ақпараттар мен мәдени құндылықтарға жалпыға бірдей қол жеткізілуі үшін жағдай жасау;

тарих және мәдениет, оның ішінде жазба ескерткіштерін қорғау, сақтау және пайдалану ісінде жалпы мемлекеттік саясатты қалыптастырудың және жүзеге асырудың мемлекеттік бағдарламаларын жасау және оған қатысу,

кино-бейнетуындылардың тізілімін жасау, меншік нысандарына қарамастан ұйымдар Қазақстан Республикасының аумағында жасаған кино-бейнефильмдерді тіркеу куәліктерін беру;

фестивальдар, байқаулар, конкурстар, айтыстар және мәдениетті дамытуға бағытталған басқа да шаралар өткізу болып табылады.

6. Департамент негізгі міндеттеріне сәйкес мынадай функцияларды жүзеге асырады :

конкурстық негізде өнер туындыларын жасауға мемлекеттік әлеуметтік-шығармашылық тапсырыстарды қалыптастырады және береді, кино, драма, музыка, хореография, бейнелеу, декоративті-қолданбалы, эстрадалық және цирк өнерінің көркемдігі жоғары туындыларын жасауды қамтамасыз ететін конкурстар мен басқа да шараларды ұйымдастырады;

тарих, материалдық және рухани мәдениет ескерткіштеріне есеп жүргізу, қорғау, қалпына келтіру, пайдалану және насихаттау жөніндегі басшылықты жүзеге асырады, белгіленген тәртіппен тарихи-мәдени мұраларды қорғау және пайдалану мәселелері жөніндегі ережелерді, нұсқаулықтарды және тәртіптерді әзірлейді және бекітеді;

белгіленген тәртіппен мәдениет, өнер және кинематография қайраткерлеріне Қазақстан Республикасының құрметті атақтары мен мемлекеттік наградаларын беру туралы ұсыныс енгізеді;

Министрлік пен Қазақстан Республикасының Үкіметіне Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен ведомстволық бағыныстағы кәсіпорындар мен ұйымдар құру, оларды қайта ұйымдастыру және тарату жөнінде ұсыныс енгізеді;

аудандық, қалалық, облыстық, республикалық мәдениет органдарының халыққа мәдени қызмет көрсетуді жетілдіру, материалдық-техникалық базаны дамыту және нығайту жөніндегі қызметтерін үйлестіреді;

өз қызметінің аясында заңдардың қолданылу практикасын талдайды және қорытады, белгіленген тәртіппен мәдениет саласында заң және өзге де нормативтік және құқықтық актілердің жобаларын жасауға ұсыныс әзірлейді және оған қатысады.

7. Мәдениет департаментінің өзіне жүктелген міндеттер мен функцияларды жүзеге асыруы кезінде :

көп жақты халықаралық мәдени байланыстарды дамытуға; кино-бейнетуындыларды көру және олар бойынша қорытындылар беру жөніндегі сараптамалық комиссиялар құруға;

республикада фестивальдар өткізуге және шетелдерде өткізілетін фестивальдарға қатысуға, кәсіби және әуесқойлық шығармашылық күндерін, шығармашылық ұжымдар мен орындаушылардың конкурстарын, байқауларды

және Қазақстан Республикасы мәдениетінің жетістіктерін көрсетуге байланысты басқа да шараларды ұйымдастыруға;

заңдарда белгіленген тәртіппен археологиялық және тарих пен мәдениет ескерткіштерін қалпына келтіру жұмыстарын лицензиялауды, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан әкетілетін мәдени құндылықтарға сараптама жүргізуге;

кәсіби шығармашылық ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асыруға, сондай-ақ министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің және ведомстволардың мәдениет мәселелері жөніндегі қызметін үйлестіруге;

халықтың рухани ұлттық байлығы мен оның мәдени мұрасының бөліктері ретінде мәдениет туындылары қорын іріктеу, жинақтау және сақтау жөніндегі мемлекеттік функцияларды жүзеге асыруға;

экономикалық және мәдениетті әлеуметтік дамыту бағдарламаларын әзірлеуге және оларды жүзеге асыруға, мақсатты бағдарламалар мен жобаларға арналып бөлінген республикалық бюджеттің қаражатын бөлуге, олардың ұтымды пайдаланылуына бақылау жасауға;

Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігімен келісім бойынша мәдениет объектілерін жобалау және салу жөнінде ұсыныс енгізуге және оны қарауға, белгіленген тәртіппен осы объектілердің құрылысын салуға арналған титулдық тізімдерді, жобаларды және сметаларды әзірлеуге және бекітуге, клубтардың, кітапханалардың, кинотеатрлардың және басқа да мәдениет объектілерінің үлгілік жобаларын әзірлеу жөнінде ұсыныс дайындауға және енгізуге, құрылыстарға және республикалық мәдениет ұйымдарының техникалық базаларының кеңейтілуіне бақылау жасауды жүзеге асыруға құқығы бар.

### III. Департаменттің қызметін ұйымдастыру

8. Департамент облыстық, аудандық, қалалық мәдениет органдарымен және оның құрамына енетін республикалық кәсіпорындармен және ұйымдармен бірлесіп республикадағы мәдениет органдарының бірыңғай жүйесін құрады.

9. Департаментті Қазақстан Республикасы Білім және мәдениет министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметінен босататын директор басқарады.

10. Директордың оның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрі қызметке тағайындайтын және қызметінен босататын орынбасары болады.

11. Директор:

Департаменттің қызметіне басшылықты ұйымдастырады және жүзеге

а с ы р а д ы ;

Департаментке жүктелген міндеттер мен функциялардың орындалуы үшін жеке жауаптылықта болады;

Департамент аппаратының қызметкерлерін, Департаментке ведомстволық бағыныстылықтағы кәсіпорындардың, ұйымдардың және мекемелердің басшыларын қызметке тағайындайды және қызметінен босатады, шарттық негізде уақытша еңбек ұжымдарын қалыптастыруды жүзеге асырады; өз құзыретінің шегінде Департаменттің барлық бөлімшелерінің

атқаруы үшін міндетті бұйрықтар шығарады, нұсқаулар мен өкімдер береді;

бекітілген саны мен еңбекақы қорының шегінде Департаменттің орталық аппаратының штаттық кестесін, сондай-ақ ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың ережелерін (жарғыларын) бекітеді.

12. Облыстық, Алматы қалалық мәдениет басқармаларының басшыларын тиісті әкімдермен келісім бойынша директор қызметке тағайындайды және қызметінен босатады.

#### IV. Департаментті тарату

13. Департамент заңдарда белгіленген тәртіппен қайта ұйымдастырылады және таратылады.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1997 жылғы 30 шілдедегі  
N 1189 қаулысына  
қосымша

Қазақстан Республикасы Білім және мәдениет  
министрлігінің Мәдениет департаментіне  
ведомстволық бағыныстағы мекемелердің,  
кәсіпорындар мен ұйымдардың  
ТІЗБЕСІ

Абай атындағы қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театры

М.Әуезов атындағы мемлекеттік академиялық драма театры

М.Ю.Лермонтов атындағы мемлекеттік академиялық орыс драма театры  
Республикалық мемлекеттік ұйғыр музыкалық комедия театры  
Республикалық мемлекеттік корей музыкалық комедия театры  
Республикалық неміс драма театры  
Ғ.Мүсірепов атындағы қазақ мемлекеттік балалар және жасөспірімдер театры  
Н.Сай атындағы орыс мемлекеттік балалар және жасөспірімдер театры  
Мемлекеттік қуыршақ театры  
"Қазақконцерт" қазақ мемлекеттік гастрольдік-концерттік бірлестігі  
Республика Сарайы  
"Гүлдер" мемлекеттік би ансамблі  
Жамбыл атындағы қазақ мемлекеттік филармониясы  
Құрманғазы атындағы қазақ мемлекеттік академиялық халық аспаптар оркестрі  
Қазақстан Республикасының "Салтанат" мемлекеттік би ансамблі  
Қазақстан Республикасының мемлекеттік классикалық би ансамблі  
"Қазақ мемлекеттік циркі" қазыналық кәсіпорны  
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік орталық мұражайы  
Қазақстан Республикасының Ә.Қастеев атындағы мемлекеттік өнер мұражайы  
Ықылас атындағы республикалық халық музыка аспаптары мұражайы  
Республикалық кітап мұражайы  
Алтын және бағалы металдар мұражайы  
Көрмелер мен аукциондар дирекциясы  
Республикалық және халықаралық мәдени бағдарламалар дирекциясы  
Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы  
Ж.Жабаев атындағы республикалық мемлекеттік жасөспірімдер кітапханасы  
С.Бегалин атындағы республикалық мемлекеттік балалар кітапханасы  
Зағиптар мен көзі нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана  
мәдениет мәселелері жөніндегі республикалық ғылыми орталық  
Республикалық мемлекеттік жөндеу-құрылыс және қалпына келтіру басқармасы (шаруашылық жүргізу құқығында)  
"Материалдық мәдениет ескерткіштерінің ғылыми-зерттеу және жобалау институты" қазыналық кәсіпорны

"Саз" таспажазу фирмасы  
Ш.Айманов атындағы қазақ кинофабрикасы  
Ұлттық продюсерлік орталық  
"Қазкинопрокат" республикалық өндірістік бірлестігі  
Мемлекеттік фильмқоры  
Үйлер мен ғимараттар басқармасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК